Бағалы қағаздар туралы заңның 102 -бабының 2-тармағында берілген өзгерістер ақпаратты қаржылық есептіліктің депозитарийінің интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес белгіленген Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес белгіленген бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13438 тіркелген «Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурстарында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімдерін, сондай-ақ жыл қорытындысы бойынша атқарушы органның мүшелеріне берілген сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 26 қаулысында белгіленген тәртіпте олар туындаған сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күннің ішінде ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға қаржылық есептіліктің депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру жолымен мәліметтерді эмитентке дейін жеткізеді.



«Еуразиялық банк» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламаның шегінде үшінші облигациялар шығарылымының проспектісі

1. Осы облигациялар шығарылымы «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Банк) үшінші облигациялық бағдарламасы Проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:

- Банктің үшінші облигациялық бағдарламасының проспектісін мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі 2015 жылғы 13 наурызда тіркелген, №Е93 нөмірімен эмиссиялық бағалы қағаздардың Мемлекеттік тізіліміне енгізілген.
- шығарылым жүргізілетін шектегі облигациялық бағдарламаның көлемі – 500 000 000 000,00 (бес жүз миллиард) теңге;
- облигациялық бағдарламаның шегіндегі облигациялық шығарылымның реттік нөмірі – 3 (үшінші);
- осы облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әрбір шығарылым бойынша жекелей), оның ішінде:

Бірінші шығарылым:

Облигациялық шығарылымның уәкілетті органда тіркелген күні – 2015 жылғы 13 наурыз.

Облигациялардың саны – 500 000 000 (бес жүз миллион) дана.

Облигациялардың түрлері – номиналдық купондық қамтамасыз етусіз.

Номиналды құны бойынша шығару көлемі – 50 000 000 000,00 (бес жүз миллиард) теңге.

Орналастырылған облигациялар саны – жоқ.

Екінші шығарылым:

Облигациялық шығарылымның уәкілетті органда тіркелген күні – 2015 жылғы 13 наурыз.

Облигациялардың саны – 500 000 000 (бес жүз миллион) дана.

Облигациялардың түрлері – номиналдық купондық қамтамасыз етусіз.

Номиналды құны бойынша шығару көлемі – 50 000 000 000,00 (бес жүз миллиард) теңге.

Орналастырылған облигациялар саны – жоқ.

3. Облигацияларды шығару туралы мәліметтер:

1) Облигациялар түрі:

номиналдық купонды бағынышты қамтамасыз етілмегендер осы Облигациялық бағдарламаның шеңберінде облигацияларды шығару проспектісімен (бұдан әрі – Проспект) қарастырылған акциядағы облигацияларды (бұдан әрі – Облигациялар) айырбастау



	талаптарына сәйкес және тәртіпте, жағдайда Банктің жай акцияларына айырбасталатындар (бұдан әрі -Облигациялар).
2) Бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген мөлшер болып табылса, онда қосымша бір облигацияның номиналды құнына есеп айырысу тәртібі көрсетіледі):	100 (жүз) теңге. Бір облигацияның номиналды құны индекстелген мөлшер болып табылмайды.
3) Облигациялардың саны:	1 500 000 000 (бір миллиард бес жүз миллион) дана.
4) Облигациялар шығарудың жалпы көлемі:	150 000 000 000 (бір жүз елу миллиард) теңге.

5) Облигациялар бойынша сыйақы:

5.1) облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген мөлшер болып табылса, онда қосымша облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесіне есеп айырысу тәртібі көрсетіледі):

Облигациялардың барлық айналымы мерзімінде сыйақы мөлшерлемесі бекітілген Облигациялардың номиналдық құнынан жылдық 4,00% (төрт пайыз) мөлшерінде. Осы шығарылымның облигациялары индекстелінбеген.

5.2) облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталатын күн:

Сыйақыны есептеу Облигациялардың айналымы басталған күннен басталады;

5.3) облигациялар бойынша сыйақы төлеу кезеңділігі және/немесе облигациялар бойынша сыйақыны төлеу күні:

- айналымның 1 (бірінші) жылы үшін төлем 2 (екі) траншпен: 30 (отыз) күн үшін 1 (бірінші) транш Облигациялар айналымы басталған күннен бастап, қалған 330 (үш жүз отыз) күн үшін 2 (екінші) транш 1 (бірінші) транш аяқталған күннен бастап жүргізіледі;
- сыйақы бойынша кейінгі төлемдер осы Проспектіде қарастырылған тәртіпте, атап айтқанда Облигациялар айналымы басталған күннен бастап жылына 1 (бір) рет, тиісінше облигациялар айналымы басталған күннен бастап оларды өтеу мерзіміне дейін әрбір 12 (он екі) ай сайын төлейді;

5.4) облигациялар бойынша сыйақы төлеудің тәртібі мен талаптары:

- Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) Облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы банктік шотына ақшаны аудару арқылы осы төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі келесі жұмыс күнінен бастап 7 (жеті) жұмыс күн ішінде жүргізіледі;
- егер Облигация ұстаушысы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты бар болса, купондық сыйақыны төлеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) жүргізіледі. Облигация ұстаушыдан жазбаша түрде тиісті өтініш алғанда, теңгедегі сома өзге валютаға купондық сыйақыны төлеу күніне Банспен белгіленген бағам бойынша айырбасталуы



«Еуразиялық банк» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламаның шегінде үшінші облигациялар шығарылымының проспектісі

мүмкін. Теңгедегі соманы өзге валютаға айырбастау Облигация ұстаушысының есебінен жүргізіледі;

- Облигациялар бойынша сыйақыны алуға осы төлемдер жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигация ұстаушылардың тізілім жүйесінде тіркелген тұлғалар құқылы (бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізетін тіркеуші орналасқан жердегі уақыт бойынша);
- төлем күніне купондық сыйақы купондық сыйақының мөлшерлемесіне Облигацияның номиналды құнының көбейтіндісі ретінде есептеледі;

5.5) облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:

сыйақыны (купонның) есептеу үшін 30/360 (бір айда 30 күн/бір жылда 360 күн) уақыттық база қолданылады.

6) Номиналдық құн валютасы, негізгі борыш және (немесе) облигациялар бойынша есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:

- номиналдық құнының валютасы және негізгі борыш бойынша төлем валютасы және (немесе) Облигациялар бойынша есептелген сыйақы валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгеде беріледі.
- барлық төлемдер (Облигациялар бойынша сыйақыны және борыштың негізгі сомасын төлеу) Банкпен қолма-қол ақшасыз тәртіпте жүзеге асырылады.

7) Облигацияларды орналастырудың басталатын күні және аяқталатын күні:

7.1) облигацияларды орналастырудың басталатын күні:

Облигацияларды «Қазақстандық қор биржасы» АҚ-тың ресми тізіміне енгізген күннен бастап;

7.2) облигацияларды орналастырудың аяқталатын күні:

Банктің бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесінде тіркелген тұлғалардың жеке шоттарына хабарланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін Банктің жеке шотынан Облигацияларды есептен шығару бойынша соңғы операцияны өткізу күні немесе осы Проспектімен белгіленген Облигациялардың айналым мерзімінің аяқталу күні.

Облигацияларды орналастыру кезінде Банк немесе оның қызметіне бақылау жүргізетін немесе маңызды ықпал ететін Банктің ерекше тұлғаларымен байланысты тұлғалары Облигацияларды Банк сияқты сатып алуға құқылы емес, жанама немесе тікелей Облигацияларды сатып алуға қаржыландыру жүргізуге құқылы емес;

8) Облигациялардың айналымының басталатын күні және облигациялардың айналым мерзімі:

8.1) облигациялардың айналымының басталатын күні:

Сатылымдарды ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес оның сауда жүйесіндегі Банктің Облигацияларын орналастыру бойынша бірінші орын алған сатылымдардың күні;

8.2) облигациялардың айналым мерзімі:

Облигациялардың айналымы басталған күннен бастап 15 (он бес) жыл.



«Еуразиялық банк» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламаның шегінде үшінші облигациялар шығарылымының проспектісі

9) облигациялардың айналымы жоспарланатын нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы):

Облигациялар ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналымға түсетін болады.

10) Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі:

Облигацияларды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында орналастыру кезінде Облигациялар үшін ақы төлеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) қолма-қол ақшасыз тәртіпте жүзеге асырылады, есеп айырысулар сатылымды ұйымдастырушылардың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

11) Облигацияларды өтеу тәртібі:

11.1) облигацияларды өтеу күні:

Облигацияларды өтеу айналым басталған күннен бастап 15 (он бес) жылдан кейін жүзеге асырылады.

11.2) облигацияларды өтеу талаптары:

- облигацияларды өтеу Облигациялардың соңғы айналымы күнінен кейінгі келесі күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күннің ішінде жүзеге асырылады;
- Облигациялар бойынша кіріс және Облигациялардың номиналдық құны осы төлемдер жүргізілетін кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша оларды өтеген кезде оларды алуға құқығы бар тұлғаларға төленеді (бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімі жүйесін жүргізуші тіркеушінің орналасқан орнындағы уақыт бойынша) ;
- егер Облигация ұстаушысы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болса, Қазақстан Республикасының аумағында банктік шоты бар болса, купондық сыйақыны және олар өтелген кезде Облигациялардың номиналдық құнын төлеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңгеде) жүргізіледі. Облигация ұстаушыдан жазбаша түрде тиісті өтініш алғанда, теңгедегі сома өзге валютаға купондық сыйақыны және номиналдық құнын төлеу күніне Банкпен белгіленген бағам бойынша айырбасталуы мүмкін. Теңгедегі соманы өзге валютаға айырбастау Облигацияның ұстаушысының есебінен жүргізіледі;
- облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу қарастырылмаған.

11.3) облигацияларды өтеу тәсілі:

Облигациялар соңғы купондық сыйақыны төлеумен қатар облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы банктік шотына ақшаны аудару арқылы номиналдық құны өтелетін болады.

12) Эмитенттің облигация шығарылымын осы құқықты жүзеге асырудың тәртібін, талабын және мерзімін көрсетумен мерзімінен бұрын өтеу құқығы (егер аталған құқық эмитент органының облигацияларды шығару туралы шешімімен қарастырылған жағдайда), егер эмитенттің органының шешімімен облигацияны сатып алу құқығы қарастырылған болса, онда осы құқықты жүзеге асырудың тәртібі, талабы және мерзімі көрсетіледі:

Банктің бастамасы бойынша Облигацияларды Банктің мерзімінен бұрын сатып алуы (кері шақыруы/орындауы) тек Облигациялардың айналымының (немесе орналастыруының)



«Еуразиялық банк» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламаның шегінде үшінші облигациялар шығарылымының проспектісі

басталу күнінен бастап 5 (бес) жылдың аяқталуы бойынша және барлық келесі талаптарды бір уақытта орындаумен жүргізілуі мүмкін:

- а) осы әрекет Банктің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісімен (бұдан әрі – уәкілетті орган) белгілеген мәннен төмен капиталдың жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәніне төмендетуге алып келмейді;
- б) Банкпен Облигацияларын мерзімінен бұрын сатып алуға (кері шақыруға/орындауға) уәкілетті органның оң қорытындысының болуы;
- с) сол немесе одан да жақсы сападағы капиталды айырбастау ретінде беру;
- д) Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алудың (кері шақырудың/орындаудың) салдарынан осындай капиталдың талап етілген төменгі деңгейінен жоғары Банктің капиталдандыруды жақсартуы.

13) Облигациялар бойынша қамтамасыз ету (ипотекалық және басқа қамтамасыз етілген облигацияларды шығарған кезде):

Осы шығарылымның Облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылады.

14) Инфрақұрылымдық облигациялар шығарған кезде - мемлекеттің кепілгердік беруі туралы Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулылары мен концессия шарттарының деректемелері:

Осы шығарылымның Облигациялары инфрақұрылымдық емес.

4. Эмитент ертеректе шығарған айналым мерзімі аяқталған облигациялар бойынша талап ету құқықтары жүргізілгенде ақы төлеу облигациялар шығарған кезде қосымша осы облигациялардың шығарылған күні мен мемлекеттік тіркелген нөмірі, олардың түрлері мен саны, сонымен бірге облигациялардың шығарылған көлемі, облигациялар бойынша жиынтықталған және төленбеген сомасы көрсетіледі.

Осы талап Облигациялардың осы шығарылымына қолданылмайды.

5. Айырбасталатын облигациялар шығарған кезде қосымша келесі мәліметтер көрсетіледі:

1) Айырбасталатын облигацияларды акцияларға орналастыру түрлері, саны және орналастыру бағасы, осындай акциялар бойынша құқықтары:

Облигациялар Банктің жай акцияларына айырбасталады.

Облигациялар айырбасталатын Банктің жай акцияларының жалпы саны айырбастау коэффициентімен айырбасталатын Облигацияларының санының көбейтіндісі ретінде есептелінеді.

Айырбастау коэффициентін пайдаланумен алынған Облигациялар айырбасталатын Банктің жай акцияларының жалпы саны келесі ережелерді басшылыққа алып дөңгелектенуі тиіс:

- есепке бүтін санның оныншы үлесі (үтірден кейін бір белгі) алынады;
- бестен бастап онға дейін сандар дөңгелектенеді және бүтін санға бір қосылады;
- нөлден бастап төртке дейін сандар нөлге дөңгелектенеді және бүтін сан өзгеріссіз қалады.



«Еуразиялық банк» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламаның шегінде үшінші облигациялар шығарылымының проспектісі

Айырбастау коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі:

$$\text{Айырбастау коэффициенті} = \frac{\text{Бір Облигацияның құны}}{\text{Банктің бір акциясының қалдық құны}}$$

мұнда,

а) Бір Облигацияның құны бір Облигацияның номиналдық құны мен ол бойынша айырбастау күніне есептелген (төленбеген) сыйақыға тең.

б) Банктің бір акциясының қалдық құны келесі формула бойынша есептелінеді:

$$\text{Банктің бір акциясының қалдық құны} = \frac{\text{БӨК-Т-А}}{\text{Банктің орналастырған акцияларының саны}}$$

мұнда,

с) БӨК – айырбастау күніне Банктің баланстық өзіндік капиталы;

д) Т – егер бұрын мойындалған және амортизацияланбаған кіріс бар болған болса, онда айырбастау күніне ҚЕХС-ке¹ сәйкес Облигацияларды айырбастау нәтижесінде өткізілетін Банктің баланстық өзіндік капиталын Облигациялар бойынша осындай бұрын мойындалған және амортизацияланбаған кіріс сомасына азайтуға қатысты бухгалтерлік жазбалар (түзетулер);

е) А - Нұсқаулыққа² сәйкес соңғы есептік күнгі жағдай бойынша есептелген провизиялардың (резервтердің) және ҚЕХС мен айырбастау күніне бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарына сәйкес Банктің бухгалтерлік есебінде қалыптастырылған және бейнеленген провизиялардың (резервтердің) арасындағы оң айырмашылығы (бұдан әрі – Оң айырмашылық).

Уәкілетті органмен Облигацияларды айырбастау туралы шешім қабылданған күннің алдындағы жұмыс күні айырбастау күні болып саналады.

Егер (БӨК-Т-А) ≤ Облигациялар шығарылымының жалпы көлемінің 1% болса, айырбастау коэффициенті келесі формула бойынша есептеледі:

$$\text{Айырбастау коэффициенті} = \frac{\text{Банк орналастырған акциялардың саны} * 99}{\text{Айырбасталатын облигациялардың саны}}$$

Облигациялар айырбасталатын Банктің жай акцияларын орналастырудың бағасы Облигацияларды шығару проспектісіне сәйкес Банктің жай акцияларына Облигацияларды айырбастау үшін қажетті бағаға тең.

¹ Қаржы есептемесінің халықаралық стандарттары

² Уәкілетті органмен бекітілген Қарыздар және дебиторлық берешек түрінде банктің активтерінің құнсыздануына себепті провизияларды (резервтерді) қалыптастыру бойынша Нұсқаулық



Облигациялар айырбасталатын Банктің жай акцияларының ұстаушылары басқа акционерлер – Банктің жай акцияларын ұстаушыларындағы сияқты құқықтар болады.

2) Облигацияларды айырбастау тәртібі мен талаптары (егер облигациялар шығарылымы толықтай айырбасталатын болса, айырбастау аяқталған күннен бастап бір айдың ішінде облигациялар шығарылымы жойылуы тиіс екендігі көрсетіледі, егер облигациялар шығарылымы толық емес айырбасталатын болса, осы шығарылымның сатып алынған облигациялары одан әрі қарай орналастырылмауы тиіс екендігі, олар айналымның соңына дейін өтелетіндігі көрсетіледі):

Облигациялар ұстаушылары Проспектінің талаптарына сәйкес тек Банк қабылдаған бір және (немесе) бірнеше шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, Банктің жай акцияларына Облигацияларды айырбастау жүргізуге құқылы.

Проспектінің талаптарына сәйкес Банкпен қабылданған шектеулердің (ковенанттардың) бұзылу деректері, банктің жай акцияларына Облигацияларды айырбастау туралы шешім, Облигациялар айырбасталатын Банктің жай акцияларының саны және айырбасталатын Облигацияларының саны уәкілетті органның Басқармасының шешімімен анықталады.

Уәкілетті органның Басқармасының шешімі уәкілетті органмен Банкке шектеулердің (ковенанттардың) бұзылу белгілерін анықтау туралы алдын ала хабарламаны жібергеннен және Банкпен осындай хабарлама алынған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ұсынылған дәйекті қарсылығымен (растаушы құжаттардың көшірмелерін қосумен) Банктің жазбаша жауабын қарастырғаннан кейін қабылданады. Уәкілетті органның хабарламасында Облигациялар айырбасталатын Банктің жай акциялары санының алдын ала есебі және айырбасталатын Облигациялардың саны көрсетіледі. Банкпен аталмыш хабарламаны алу күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға Банкпен жазбаша жауабын ұсынбау дәйекті қарсылықтардың жоқтығын білдіреді.

Облигацияларды жай акцияларға айырбастау келесі тәртіпте жүргізіледі:

(i) Проспектінің талаптарына сәйкес Банк қабылдаған шектеулер (ковенанттар) бұзылған жағдайда, уәкілетті органның Басқармасы Проспектінің талаптарына сәйкес Банкпен қабылданған шектеулер (ковенанттар) бұзу фактісі бар болуы, Облигацияларды банктің жай акцияларына айырбастау туралы шешімді қабылдайды және Облигациялар айырбасталатын Банктің акцияларының санын және айырбасталатын Облигациялардың санын бекітеді;

(ii) Уәкілетті орган Облигацияларды айырбастауға құқығын іске асыру үшін Облигация ұстаушыларына және Банкке уәкілетті органның Басқармасының шешімінің көшірмесін қосумен жазбаша хабарламаны шешім қабылданған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді;

(iii) Облигация ұстаушылары «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ-пен Банктің Облигацияларын оның жай акцияларына айырбастау туралы жазбаларды енгізу бойынша операцияларды өткізуге қатысты шараларды уәкілетті органның жазбаша хабарламасын алған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей қолданады.

Банк Облигацияларға айырбастау жүргізу үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарына сәйкес барлық қажетті әрекеттерді қабылдауға міндетті.

Облигацияларды айырбастауға құқық Проспектінің талаптарына сәйкес Банк қабылдаған шектеулер (ковенанттар) әрекетінің кезеңінің ішінде қолданылатын болады.

Облигацияларды Банктің жай акцияларына айырбастау осындай айырбастауға қандай да бір сыйақы төлеусіз жүзеге асырылады.



Банк пен оның акционерлері айырбастау күнге Банктің жай акциясының нарықтық құны мен Банктің бір жай акциясының қалдық құнының арасындағы айырмашылық нәтижесінде қандай да бір төлемдерді Облигация Ұстаушысынан алуға құқылы емес.

Облигацияларды Банктің жай акцияларына айырбастаған жағдайда Облигация шығарылымы уәкілетті органның басқармасының шешіміне сәйкес ішінара немесе толықтай айырбасталады.

Облигациялардың шығарылымы толықтай айырбастаған жағдайда айырбастау аяқталған күннен бастап бір айдың ішінде Облигациялардың шығарылымы жойылуы тиіс.

Егер Облигациялардың шығарылымы ішінара айырбасталған жағдайда құны өтеліп алынған Облигациялар Банкпен болашақта иеліктен шығарылмайды және айналым мерзімінің соңында өтеледі.

6. Облигация ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер:

1) облигация ұстаушылардың өкілінің толық және қысқарған атауы – «Цесна Капитал» акционерлік қоғамы («Цесна Капитал» АҚ);

2) облигация ұстаушылардың өкілінің орналасқан орны, байланыс телефондары:

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Жеңіс даңғ., 29 ү., телефон: +7 (7172) 767-444;

3) облигация ұстаушылардың өкілімен эмитенттің шартының күні мен нөмірі:

2017 жылғы 22 қыркүйектегі №58 облигациялар ұстаушылардың мүдделерін көрсету шарты (1- қосымша).

7. Төлемдік агент туралы мәліметтер (бар болғанда):

Облигациялар бойынша төлем агенті қарастырылмаған. Купондық сыйақы мен номиналды құнын төлеуді Банк өзі жүзеге асырады.

8. Егер Қазақстан Республикасының 2003 жылғы «02» шілдедегі «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңына сәйкес қор биржасының росми тізімінде эмиссиялық бағалы қағаздарды қосу және орналастыру мәселелері жөнінде шарт жасау бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету бойынша эмитенттің міндеті бекітілген болса, онда осы тармақта келесілер ашып көрсетіледі:

Осындай кеңес беру қызметтерін көрсету бойынша шарттар жасауға Банктің міндеттері жоқ.

9. Облигация ұстаушыларына ұсынылатын құқықтар, оның ішінде:

1) Облигациялар ұстаушының келесі құқықтары бар:

- осы Проспектімен қарастырылған айырбастау тәртібіне және талаптарына сәйкес Облигацияларды Банктің жай акцияларына айырбастау;
- облигациялардың номиналды құнын осы Проспектіде қарастырылған тәртіпте және мерзімде алу;
- сыйақыны осы Проспектіде қарастырылған тәртіпте және мерзімде алу;
- ақпараттарды Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта қарастырылған тәртіпте алу;



«Еуразиялық банк» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламаның шегінде үшінші облигациялар шығарылымының проспектісі

- Банк таратылған кезде Облигациялар бойынша (қамтамасыз етілмеген міндеттер) акционерлер – жай акциялардың меншік иелері талап еткенге дейін 8 (сегізінші) кезекте қанағаттандырылады.

2) осы құқықтың талаптарын, тәртібін және жүзеге асыру мерзімін көрсетумен, оның ішінде облигациялардың шығарылымының проспектісінде қарастырылған шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде облигацияның эмитентін сатып алу талаптары;

Облигацияларды ұстаушылары Облигацияларды (кері қайтару/орындау) мерзімінен бұрын сатып алу туралы талап қоюға құқылы емес.

Банк Облигацияларды ұстаушыларға оларды бұзған жағдайда Облигацияларды кері сатып алуды тудыратын осы Облигациялардың шығарылымына шектеулерді (ковенанттарды) қабылдамайды.

3) егер сыйақы және (немесе) негізгі борышты төлеу, осы құқықтарды, оларды сақтау тәсілдерін, бағалау тәртібін және көрсетілген құқықтарға бағалау жүргізуге құқылы тұлғаларды, сонымен бірге осы құқықтардың өтуін жүзеге асыру тәртібін сипаттау облигациялардың басқа мүлктік құқықтарының шығарылымының проспектісіне сәйкес жүргізіледі;

осы талап Облигациялардың осы шығарылымына қолданылмайды.

10. Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдайлар туралы мәліметтер:

1) эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдайлардың тізімдемесі:

- Банк облигациялары бойынша дефолт Банк кінәсінен облигациялар бойынша купондық сыйақы және/немесе облигациялардың номиналды құны төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда осы Проспектінің талаптарында белгіленген купондық сыйақы және/немесе Облигациялардың номиналды құнын төлеу мерзімдері аяқталған күннен кейінгі келесі күннен басталады;
- егер осындай төлемеу және/немесе толық төлемеу Банкке Облигациялар бойынша купондық сыйақы және(немесе) номиналдық құнын төлеуге мүмкіндік бермеген Облигациялар Ұстаушының банктік шоттарын қоса, деректемелерінің немесе деректерінің дұрыс емес не толық емес болуының не бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісімен Банкке Облигацияны ұстаушыларының тізімдемесін Қазақстан Республикасының заңнамаларында және онымен жасалған Бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілімдер жүйесін жүргізу шартында бекітілген мерзімде бермеген жағдайда, осы Проспектіде бекітілген мерзімде Банк Облигацияларға сыйақы және/немесе номиналдық құнын төлемегенде не толық төлемегенде Облигациялар бойынша дефолт болмайды;
- Банк осы Проспект бойынша міндеттемелерін ішінара немесе толықтай орындамағаны үшін, егер осындай орындамау еңсерілмейтін күштердің әсері болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштердің жағдайы деп туындауының алдын-болжау немесе алдын алу мүмкін болмаған жағдайлар (табиғи апаттар, әскери әрекеттер, уәкілетті органдардың тыйым салу сипатындағы немесе шектеу сипатындағы актілері және сол сияқты) түсініледі. Еңсерілмес күштер жағдайы туындағанда осы Проспект бойынша Банспен міндеттерін орындау мерзімі осындай



«Еуразиялық банк» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламаның шегінде үшінші облигациялар шығарылымының проспектісі

жағдайлар және олардың зардаптары әрекет ететін мерзімнің ішіне шамалас уақыт кезеңіне тоқтатылады.

2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу бойынша міндеттерін орындамаған немесе тиісті орындамаған кезде, облигация ұстаушыларының құқықтарын қорғау рәсімдерін қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда, эмитент қабылдайтын шаралар, оның ішінде міндеттерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптары:

- Банк кінәсінен Облигациялар бойынша купондық сыйақы және/немесе Облигациялардың номиналды құны осы Проспектіде белгіленген мерзімдерде төленбеген немесе толық төленбеген жағдайда, Банк осы шығарылым Облигация ұстаушыларына мерзімі өткен әр күн үшін ақшалай міндеттемені орындау күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне қарай есептелетін әрбір мерзімі кешіктірілген күн үшін өсімпұлды немесе оның сәйкес бөлігін төлеуге міндеттенеді (яғни өсімпұл Банкпен облигациялар бойынша купондық сыйақыны және (немесе) облигациялардың номиналдық құнын немесе оның тиісті бөлігін нақты төлеу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып есептелінеді);
- Банк барлық қажетті әрекеттерді жүзеге асырады және өз міндеттемелері бойынша дефолттарға жол бермеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды, алайда осы шығарылым облигациялары бойынша дефолт орын алғанда Банк дефолттың болу себептерін жою үшін бар күшін салады, оның ішінде өз қаржы жағдайын жақсарту бойынша шараларды қабылдайды;
- осы шығарылым Облигациялары бойынша дефолт орын алған жағдайда Облигациялар ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіпте және талаптарда жүзеге асырылады;
- осы шығарылымның Облигациялары бойынша дефолт орын алған жағдайда Банк міндеттемелерін қайта құрылымдау Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіпте және талаптарда жүзеге асырылады;

3) дефолт деректері туралы ақпарат облигациялар ұстаушыларына жеткізілгенге дейін, облигациялар бойынша эмитент міндеттерін орындамаған не тиісті орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттері бойынша бірлескен немесе субсидиарлық жауапкершілік жүктелген тұлғаларға, эмитентке талаптарымен облигация ұстаушыларының жүгінуі тәртібінде, өзінің талаптарын қанағаттандыру бойынша облигация ұстаушыларының мүмкін болатын әрекеттерін атап өту, міндеттерін орындамау себептері, орындалмаған міндеттердің көлемі туралы мәліметтерді қосатын эмитентке жеткізу тәртібі, мерзімі мен тәсілдері:

Банк «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың www.kase.kz ресми интернет-ресурсында орналастыру үшін жазбаша хабарламаны ұсыну арқылы Облигациялар бойынша купондық сыйақыны және(немесе) облигациялардың номиналдық құнын төлеуге қатысты міндеттемелердің орындалмауы туралы ақпараттарды осы Проспектіде белгіленген облигациялар бойынша міндеттемелерді орындалатын күннен кем дегенде 3 (үш) жұмыс күнінен бұрын мерзім ішінде Облигацияларды ұстаушыларына мәлімдейді, сонымен қатар дефолт фактісі туралы ақпаратты, орындалмаған міндеттемелер көлемін, міндеттемелердің орындалмауының себептерін толық сипаттаумен және Банкке талаппен өтініш тәртібін қоса алғанда, Облигацияларды ұстаушыларының өз талаптарын қанағаттандыру бойынша



қолдануы мүмкін әрекеттерді көрсетумен жазбаша хабарламаны «Қазақстан қор биржасы» АҚ-қа www.kase.kz ресми интернет-ресурсында және Қаржылық есептіліктің депозитарийіне www.dfo.kz ресми интернет-ресурсында жариялау үшін 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде ұсынады.

Банк міндеттерін орындамаған не тиісті орындамаған жағдайда, Банктің міндеттері бойынша бірлескен немесе субсидиарлық жауапкершілік жүктелген тұлғалар - жоқ;

4) облигациялар бойынша міндеттерін эмитент орындамаған не тиісті орындамаған жағдайда, эмитенттің міндеттері бойынша бірлескен немесе субсидиарлық жауапкершілік жүктелген тұлғалармен шарттардың күні мен нөмірі, сонымен бірге заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелген күні мен нөмірі (осындай тұлғалар бар болғанда):

Шарт осындай тұлғалардың жоқтығына байланысты жоқ.

11. Эмитент қабылдайтын және 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңында қарастырылмаған (егер осы эмитент органының облигацияларды шығару туралы шешімімен қарастырылса) шектеулер (ковенанттар):

Банк Проспектіде қарастырылған айырбастау тәртібі мен талаптарына сәйкес Облигацияларды ұстаушыларымен Банкінің жай акцияларына Облигацияларды айырбастау құқығын қолдануға алып келетін келесі екеуінің біреуін бұзу Облигацияларды айналымы (немесе орналастыру) басталған күннен бастап 5 (бес) жылдың ішінде әрекет ететін өзінің қызметінде келесі шектеулерді (ковенанттарды) қабылдайды:

1. Банк уәкілетті органмен белгіленген өзіндік капитал жеткіліктігінің коэффициентін орындауға міндеттенеді.
2. Банктің басшы қызметкерлерінің және оның акционерінің (-лерінің) тарапынан Банктің активтерін шығару бойынша жасаған әрекеттерінің жоқ болуы.

Банктің активтерін шығару деп Банктің қаржылық жағдайының және/немесе төлем қабілеттілігінің нашарлауына әкеп соғатын, әрқайсысының нәтижесінде Банкке айтарлықтай залал келтірілген немесе келтіруі мүмкін келесі жағдайлар түсініледі:

- a) Банктің мүліктерін үшінші тұлғаларға осы мүліктерді ұстаумен және сатумен байланысты Банктің барлық шығындарын есепке алумен тәуелсіз бағалаушының бағалауымен анықталған осы мүліктердің құнын нарықтық құннан төмен құны бойынша сату/иелігінен айыру;
- b) үшінші тұлғалардан мүліктерді және (немесе) қызметтерді тәуелсіз бағалаушының бағалауымен анықталған нарықтық құнынан жоғары баға бойынша немесе сапасы төмендерін сатып алу немесе осыған ұқсас мүліктер және (немесе) қызметтер сатып алынбаған жағдайларда;
- c) Қазақстан Республикасының резиденттері мен бейрезиденттері - номиналдық ұстаушыларына ашылған Банктегі жеке шоттарынан ұйымдастырылған нарықтағы айналымдағы бағалы қағаздарды нарықтық құнынан төмен құны бойынша тізілімдер жүйесінде сату/иелігінен айыру;
- ~~d) өзгеше, әдеттен тыс немесе ауыртпалықты шарттарды жасау, көрінеу қайтарылмайтын қарыздарды немесе әдеттегі қызметің шегінен шығатын жеңілдікті талаптарда қарыздарды беруді қоса;~~



«Еуразиялық банк» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламаның шегінде үшінші облигациялар шығарылымының проспектісі

е) 70% және одан аса Басшылықта анықталған кепілдің тұрақты емес түрлеріне жатпайтын қамтамасыз етумен Басшылыққа сәйкес жеке негізде бағаланатын қарызды жабу деңгейін төмендету;

ф) егер Банк ерекше қатынастағы тұлғалармен байланыстағылармен шарт жасаса және шарттың талаптарын орындамаса, ал шартқа кеңшілік жасау ретінде Банкпен ерекше қатынастағы тұлғалармен байланыстағының мүлкі берілсе, борыштық міндеттеме бойынша кеңшілік жасау ретінде Банктің мүлкін беру;

г) Проспекті күніне әдеттегі шаруашылық жүргізетін сол тәртіпте үздіксіз қызмет принцибінен шығарылып, шаруашылық қызметті жүргізетін Банкке және Банктің еншілес ұйымдарына кедергі келтіретін қасақана әрекеттерді жүргізу.

Осы шектеулер (ковенанттар) активтердің сапасын жақсарту шеңберінде, оның ішінде проблемалық активтерді қайтаруда Банктің нормативтік құжаттары мен рәсімдеріне сәйкес жүргізілетін Банктің шараларына қолданылмайды.

Егер Банк Облигацияларды айналымы (немесе орналастыру) басталған күннен бастап 5 (бес) жыл өткенше 100% (жүз пайыз) мөлшерінде негізгі капитал есебінен соңғы есептік күнге Оң айырма мөлшерін алып тастау шартымен уәкілетті органмен бекітілген өзіндік капитал буферлерін ескере өзіндік капиталы жеткіліктілігі коэффициентінің (к1, к1-2, к2) ең аз мәнінен асатын деңгейге дейін өзіндік капиталы жеткіліктілігі коэффициентінің (к1, к1-2, к2) мәнін жеткізетін болса, осы Проспектіде келтірілген шектеулер (ковенанттар) осы факті уәкілетті органмен мойындалған күннен бастап күшін жоғалтады.

Шектеулер (ковенанттар) бұзылған кездегі эмитент пен облигацияларды ұстаушының әрекеттерінің тәртібі:

Банк уәкілетті органға Банкпен уәкілетті органның шектеулердің (ковенанттардың) бұзылу белгілерін анықтау туралы алдын ала хабарлама алынған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде дәйекті қарсылығымен (растаушы құжаттардың көшірмелерін қосумен) хатты ұсынады. Банкпен аталмыш мерзім ішінде уәкілетті органға жазбаша жауабын ұсынбау дәйекті қарсылықтардың жоқтығын білдіреді.

Банк уәкілетті органның Басқармасы шешімінің көшірмесімен жазбаша хабарламаны алғаннан кейін Облигацияларды айырбастау үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес барлық қажетті әрекеттерді жасайды.

Облигацияларды ұстаушылар осы проспектінің талаптарына сәйкес Банкпен қабылданған бір және (немесе) бірнеше шектеулерді (ковенанттарды) бұзған жағдайда ғана Облигацияларды Банктің жай акцияларына айырбастауға құқылы.

Облигацияларды ұстаушылар уәкілетті органнан жазбаша хабарламаны алғаннан кейін келесі жұмыс күннен кешіктірмей бірыңғай тіркеушімен Банктің облигацияларын айырбастау туралы жазбаларды енгізу туралы операцияларды енгізуге қатысты шараларды қолданады.

12. Опциондар жасау талаптарын көрсетумен опциондар туралы ақпарат - егер опциондар эмитенттің облигацияларын сатып алуға мүмкіндік бергенде:

Облигацияларды сатып алуға опциондар қарастырылмаған.



«Еуразиялық банк» АҚ-тың үшінші облигациялық бағдарламаның шегінде үшінші облигациялар шығарылымының проспектісі

13. Облигацияларды өтегенге дейін сыйақы төлеудің әрбір кезеңінің тұрғысында негізгі борыш сомасын өтеу мен сыйақыны төлеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражаттарының көздері мен ағындарын болжау осы Проспектінің 2-қосымшасында берілген.

14. Облигацияларды орналастырудан түскен ақшаларды пайдалану:

1) эмитент облигацияларды орналастырудан түскен ақшаларды пайдалану мақсаты мен тәртібі:

Облигацияларды орналастырудан Банктің алған ақшалары толық көлемде уәкілетті орган шығарған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды сатып алуға бағытталады;

Банк уәкілетті органмен келістірумен Банктің және оның филиалдарының қызметін белсендіруге босатылатын соманы жұмсау арқылы мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды кезең-кезеңмен сатуға құқылы.

2) алынған ақшаны бөлу жоспарын өзгерту мүмкін болатын жағдайлар туындаған кезде, келесі осындай өзгерістерді көрсетумен:

алынған ақшаны бөлу жоспарын өзгерту мүмкін болатын жағдайлар туындаған кезде талаптар болмаған;

3) инфрақұрылымдық облигацияларды шығарған кезде онымен шарт жасау талаптарына сәйкес облигацияларды ұстаушының өкілдерінің қызметтеріне ақы төлеумен байланысты шығындар көрсетіледі:

Осы шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық облигациялар болып табылмайды.

15. Облигацияларды арнайы қаржылық компания шығарған кезде жобалық қаржыландыру кезінде қосымша келесідей көрсетіледі:

Банк арнайы қаржылық компания болып табылмайды.

16. Облигацияларды арнайы қаржылық компания шығарған кезде секьюриттеу қосымша келесідей көрсетіледі:

Банк арнайы қаржылық компания болып табылмайды.

Басқарма төрағасы



Бас бухгалтер - Басқарушы директор

Логинов П.В.

Капекова Ш.К.

**«Еуразиялық Банк» акционерлік қоғамының үшінші
облигациялық бағдарламасының шегінде облигациялардың үшінші
шығарылымы Проспектісіне 2-қосымша**

**Облигацияларды өтегенге дейін сыйақы төлеудің әрбір кезеңінің тұрғысында негізгі борыш сомасын өтеу мен сыйақыны төлеу үшін
қажетті эмитенттің ақша қаражаттарының көздері мен ағындарын болжау (мың тенге)**

Кезе н	Облигациялар ды орналастыру	Депозиттер	Кредиттік портфельді өтеу	ҚҚ портфелі, РЕПО	Ақша ағынының барл ығы	Облигациялар ды өтеу	Банктің облигациялар ы бойынша купонды төлеу	Кредиттер беру	ҚҚ портфелі, РЕПО	Ақша ағынының барлығы	Нetto- жайғас ым
қазан 2017	150 000 000 000	0	24 785 348 686	0	174 785 348 686	0	0	24 785 348 686	150 000 000 000	174 785 348 686	0
қараша 2017	0	500 000 000	0	150 000 000 000	150 500 000 000	0	500 000 000	0	150 000 000 000	150 500 000 000	0
қазан 2018	0	11 500 000 000	23 546 081 252	150 000 000 000	185 046 081 252	0	5 500 000 000	24 723 385 314	154 822 695 937	185 046 081 252	0
қазан 2019	0	11 730 000 000	23 487 216 048	154 822 695 937	190 039 911 986	0	6 000 000 000	24 661 576 851	159 378 335 135	190 039 911 986	0
қазан 2020	0	11 964 600 000	23 428 498 008	159 378 335 135	194 771 433 143	0	6 000 000 000	24 599 922 909	164 171 510 235	194 771 433 143	0
қазан 2021	0	12 203 892 000	23 369 926 763	164 171 510 235	199 745 328 998	0	6 000 000 000	24 538 423 101	169 206 905 896	199 745 328 998	0
қазан 2022	0	12 447 969 840	23 311 501 946	169 206 905 896	204 966 377 683	0	6 000 000 000	24 477 077 044	174 489 300 639	204 966 377 683	0
қазан 2023	0	12 696 929 237	23 253 223 191	174 489 300 639	210 439 453 067	0	6 000 000 000	24 415 884 351	180 023 568 716	210 439 453 067	0
қазан 2024	0	12 950 867 822	23 195 090 133	180 023 568 716	216 169 526 671	0	6 000 000 000	24 354 844 640	185 814 682 031	216 169 526 671	0
қазан 2025	0	13 209 885 178	23 137 102 408	185 814 682 031	222 161 669 617	0	6 000 000 000	24 293 957 529	191 867 712 089	222 161 669 617	0
қазан 2026	0	13 474 082 882	23 079 259 652	191 867 712 089	228 421 054 622	0	6 000 000 000	24 233 222 635	198 187 831 988	228 421 054 622	0
қазан 2027	0	13 743 564 539	23 021 561 503	198 187 831 988	234 952 958 030	0	6 000 000 000	24 172 639 578	204 780 318 452	234 952 958 030	0
қазан 2028	0	14 018 435 830	22 964 007 599	204 780 318 452	241 762 761 881	0	6 000 000 000	24 112 207 979	211 650 553 902	241 762 761 881	0
қазан 2029	0	14 298 804 547	22 906 597 580	211 650 553 902	248 855 956 028	0	6 000 000 000	24 051 927 459	218 804 028 569	248 855 956 028	0
қазан 2030	0	14 584 780 637	22 849 331 086	218 804 028 569	256 238 140 293	0	6 000 000 000	23 991 797 641	226 246 342 652	256 238 140 293	0
қазан 2031	0	14 876 476 250	22 792 207 759	226 246 342 652	263 915 026 661	0	6 000 000 000	23 931 818 147	233 983 208 515	263 915 026 661	0
қазан 2032	0	15 174 005 775	22 735 227 239	233 983 208 515	271 892 441 529	150 000 000 000	6 000 000 000	23 871 988 601	92 020 452 928	271 892 441 529	0
Барл ығы	150 000 000 000	199 374 294 536	371 862 180 855	2 973 426 994 756	3 694 663 470 148	150 000 000 000	90 000 000 000	389 216 022 464	3 065 447 447 684	3 694 663 470 148	0

Пропито и пронумеровано
на 89 (восьмидесяти девяти) страницах
Председатель Правления

Г. Алинов П.В.
директор
Капеева Ш.К.



Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі
Республикалық мемлекеттік мекеме

ТІРКЕДІ

20 17 ж. « 27.09 »



СВИДЕТЕЛЬСТВО

о государственной регистрации выпуска ценных бумаг

27 сентября 2017 года

г. Алматы

№ Е93-3

Национальный Банк Республики Казахстан произвел государственную регистрацию третьего выпуска облигаций в пределах третьей облигационной программы акционерного общества «Евразийский банк» (Республика Казахстан, 050002, ул. Кунаева, 56), бизнес-идентификационный номер 950240000112.

Выпуск разделен на 1 500 000 000 (один миллиард пятьсот миллионов) именных купонных субординированных облигаций без обеспечения, конвертируемые в простые акции, которым присвоен национальный идентификационный номер KZP03Y15E934.

Номинальная стоимость одной облигации 100 (сто) тенге.

Объем выпуска облигаций составляет 150 000 000 000 (сто пятьдесят миллиардов) тенге.

Выпуск внесен в Государственный реестр эмиссионных ценных бумаг за номером Е93-3.

Заместитель Председателя



Курманов Ж.Б.

Серия С

№ 0001855



**Бағалы қағаздардың шығарылымын
мемлекеттік тіркеу туралы
КУӘЛІК**

2017 жылғы 27 қыркүйек

Алматы қ.

№ E93-3

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі БСН 950240000112 тіркелген «Еуразиялық банк» акционерлік қоғамының (Қазақстан Республикасы, 050002, Алматы қ., Қонаев к., 56) үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде үшінші облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізді.

Шығарылым **KZP03Y15E934** ұлттық сәйкестендіру нөмірі берілген **1 500 000 000** (бір миллиард бес жүз миллион) камтамасыз етілмеген акцияға айырбасталатын атаулы купондық реттелген облигацияларға бөлінген.

Бір облигацияның номиналдық құны 100 (бір жүз) теңге.

Облигациялардың шығарылым көлемі 150 000 000 000 (бір жүз елу миллиард) теңге болады.

Шығарылым Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне **E93-3** нөмірімен енгізілген.

Төрағанын орынбасары



Ж.Б. Құрманов

Серия С

№ 0001855

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21 үй
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz



**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ**

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

050040, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

27.08.17 № 33-11-05/1232

АО «Евразийский Банк»

**050002, г.Алматы,
ул. Кунаева, 56**

О государственной регистрации выпуска облигаций

Национальный Банк Республики Казахстан произвел государственную регистрацию выпуска облигаций АО «Евразийский Банк» и направляет соответствующее свидетельство и один экземпляр проспекта выпуска облигаций с отметкой уполномоченного органа о регистрации.

Напоминаем о необходимости представления в уполномоченный орган отчетов об итогах размещения облигаций в сроки, установленные пунктом 2 статьи 24 Закона Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг».

Вместе с тем, в целях обеспечения оценки эффективности деятельности Национального Банка Республики Казахстан и повышения качества оказываемых государственных услуг, просим заполнить прилагаемую карточку оказания государственной услуги. Данная карточка заполняется первым руководителем (либо лицом, его замещающим) и подлежит возврату в уполномоченный орган в течение пятнадцати календарных дней с даты получения.

Кроме того, обращаем внимание на то, что в случае принятия решения о выпуске облигаций, облигационной программы и выпуска облигаций в пределах облигационной программы, услугополучатель в соответствии со Стандартом государственной услуги «Государственная регистрация выпуска негосударственных облигаций», утвержденным постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 30.04.2015г. № 71, имеет возможность получения указанной государственной услуги в электронной форме через веб-портал «электронного правительства»: www.egov.kz.

Заместитель Председателя

Курманов Ж.Б.

Исп.: Стамбекова Г.А.,
тел: 2704 591 (5589)

№ 0069335

Кіріс №	002/38746
Входящий №	27 СЕН 2017
От	
Парақтың саны	
я 90 лис. 3	